



«Ермек Серкебаев атындағы Өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені КММ

КГУ «Комплексе «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одаренных в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

Қарастырылған:
Рассмотрено:
на заседании ПЦК
«Народные инструменты»
протокол №
председатель ПЦК
Гафуров К.К. 
« » 2023 г.

Келісілген:
Согласовано:
заместитель директора
по профилю
Хамзина А.С. 

Бекітілген:
Утверждено:
решением МС КГУ «Комплексе
«Колледж искусств – специализированная школа-интернат»
имени Ермека Серкебаева»
председатель Рыжик Г.Т. 
« 31 » 08 2023 г.



ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
РАБОЧАЯ ПРОГРАММА
Міндетті қыл-қобыз
Обязательный кыл-қобыз

(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

5 - 9 сынып

Петропавл қаласы
2023 жыл

Құрастырған: Оңғарбаева С.Д. «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Рецензенттер:

Маштакова Н.Ж. «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Махамбетова А.А. «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Ермек Серкебаев атындағы «Өнер колледжі - ДБМ» кешені әдістемелік кеңесімен бекітілген.

№ 1 хаттама, 31 2023 жыл.

Тіркеу нөмірі: 5

Тіркелген күні: 31. 08 2023 жыл.

Бағдарламаның негізгі мақсаты

1. Оқушыларды өнердің түр-түріне баулып, оларды қызықтырып, күнделікті ынтасын арттырып отыру.
2. Оқушылардың эстетикалық көзқарасын жан-жақты дамыта отырып, туған елінің музыкасын түсінуге дағдыландырумен қатар шетел, классиктерінің тамаша үлгілерімен таныстырып үйретіп отыру басты мәселесінің бірі.
3. Бағдарламаның басты мақсаттарының бірі кәсіби музыкалық білім беру болғандықтан алдымен оқушының жалпы музыкалық дамуына басты көңіл бөлінеді. Болашақ маманның ырғақ сезіну, дыбысты таза есту, ән-күйді тез арада есте сақтау сияқты қабілеттерінің артуына ықпал жасау жұмысы бағдарламаның репертуарлық құрамында арнайы ескеріледі.
4. Оқуға және қоғамдық өмірге байланысты жүргізіліп отырылатын жұмыстарға міндетті түрде қатыстырып отыру
5. Әр оқушының өзіндік ерекшелік қасиетін әбден танып білуге шығармашылық белсенділігін дамытып, олардың талантын айқындай түсу.
6. Әр күйдің кәсіби дәстүрлі түрде орындау ерекшелігін түсіндіріп, талдай біліп және оның авторы мен шығу тарихынан хабардар болу.
7. Бағдарлама жасау процесінде әр сыныпқа арналған репертуарлық материалдар дайындықсыз және дайындықпен келген оқушылардың ойнау ерекшеліктері ескерілді.

5- сынып - 34с.
6- сынып- 34с.
7- сынып - 34с.
8- сынып- 34с.
9- сынып - 34с.
Барлығы – 170 с.

Түсініктеме

Қобыз үні жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін қазақтың қасиетті музыкалық аспабы - қылқобыз. Бұл аспап қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің көне көзі, рухани қазына мүлкі, эпостық және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұра болып табылады. Қобыз дәстүрі қазақ аспаптық музыка мәдениетінде ерекше орын алады.

Қобыз қайың, арша,үйеңкі, карағай сияқты ағаштардың тұтас бөлігінен шауып жасалады. Бас, кеуде, аяқ деген үш бөліктен тұрады. Төменгі бөліктерімен қапталып, оған тиек қойылады. Екі ішегі жылқы қылынан тартылады. Аспап мүмкіндігі зор, әркілі дауысты, оның ішінде табиғи дыбыстарды айнытпай шығарады. Қазақ халқы үшін қобыз киелі аспап болып саналады. Қобыздан шыққан үн адам бойындағы әлсіздік я жағымсыз күштерді сыртқа шығарып, оған күш-қуат береді. Қобыз үнінің төмендеп қайта жоғарылап дыбыс шығаруы — ішектеріне саусақтың ұшын ғана тигізіп, сәл ғана басып шертіп, керілген қылды ысқышпен үйкеп ысқылап тарту арқылы ысқышты аспапқа «іліп қойғандай» етіп көлденең ұстап ысқылап сүйкеп-сүйкеп көсеп-көсеп жібергенде флажолетті обертоны қою-қошқыл сазды мұңлы болып шығады. Қобыз аспабы – Қорқыт бабамызбен тығыз байланысты. Қорқыт--- қобыздың, жыр мен күйдің атасы, халықтың жан күйіне зор із қалдырған кеменгер дана, өз заманының пайғамбары болған. Сондықтан қобыз аспабының Қорқыт бабамызбен байланысы бекер болмаса керек.

Қазақ халқының жан серігіне айналған қобыз қандай көне болса, оның музыкалық сарыны да соншалық терең.

Қобыз үні ғасырлар бойы қазақ халқының қуанышы мен мұңын шертіп, көмейінен елі мен жерін қорғаған батыр ұлдарының ерлігін жырлаған тегеурінді үн төгілген.

Қобыздың тынысы кең. Дыбыс шығару мүмкіндігі де ұшан теңіз.

Сондықтан профессионалдық шығармалар орындау дәрежесіне көтерілген кезде, жас шәкірттердің орындау шеберліктерін арттыру, саусақтарының техникасын жетілдіріп, одан әрі дамыту үшін теория мен практикаға негізделген еңбектер қажет.

Бағдарламаның негізгі құрылымы мен онда қойылған талап деңгейлері мектепке қабылданған талапты оқушылардың музыкалық қабілеті мен ойнау шеберлігін дамытуға, қобызшы мамандығының кәсіби негіздерін меңгеруге, музыкалық сауат пен сахналық және орындаушылық шеберліктерінің басты қағидаларын үйренуге бағыттталып, құрылған.

Пәнді оқытуда үлгілі жоспарланған нәтижелер

Стандартта және білім беру бағдарламасында жоспарланған оқыту нәтижелері

Білім алушылар келесі күзiреттiлiктерге ие болуы тиiс

Базалық:

БҚ 1. Алған бiлiмiн кәсiби түрде колледж бағдарламасы бойынша жалғастыру;

БҚ 2. Ойлау мәдениетiн меңгерген, Қазақстан Республикасының мемлекеттiк тiлi – қазақ тiлiн және ресми колданылу тiлi – орыс тiлiн бiлу;

БҚ 3. Кәсiби сөздiк қорын сауатты қолдану, өзiнiң кәсiптiк қызметiнде шет тiлдерiнен бiлiктiлiгiн қолдана бiлу;

БҚ 4. Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнiн түсiну, оған тұрақты қызығушылық көрсету;

БҚ 5. Орындалатын жұмысына жауапкершiлiкпен қарау, өздiгiнен кәсiби қызмет саласындағы мәселелердi шешу.

Кәсiптiк:

КҚ 1. Орындаушылық мектептер мен олардың өкiлдерiн талдау;

КҚ 2. Аспаптардың даму тарихы туралы теориялық бiлiмдi қолдану.

КҚ 3. Танымал орындаушылардың үрдiстерiн қолдану.

КҚ 4. Аспапта орындаудың негiзгi дағдыларын дамыту.

КҚ 5. Музыкалық өнер жанрларын, түрлерi мен стилiн айыру.

Үлгiлiк оқу бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелерi

Пәндi игеру нәтижесiнде бiлiм алушылар:

Бiледi:

- қазiргi заманғы педагогика талаптарын;
- қазiргi заман музыкант-орындаушысына қойылатын кәсiби талаптарды.

Истей алады:

- нақты жағдайда қойылған мiндеттердi шешу кезiнде педагогикалық және әртiстiк қызмет саласында алған бiлiмiн жүзеге асыра бiлу.

Дағдыларын қалыптастырды:

- орындаушылық дәстүр;
- жеке концерттiк және ансамбльдiк (оркестрлiк) орындаушылық.

Сұрақтарында құзыреттi:

- эстетикалық қағидаларды қалыптастыру;
- шығармашылық тұлға ретiнде дамыту;
- кәсiби орындаушылық дағдылары.

Бiледi:

- халық аспаптарда ойнап үйрену әдiстемесiнiң қазiргi заманғы педагогикалық қағидаларын;

- музыкалық стильдер мен бағыттарды;
- әртүрлi стильдер, дәуірлер мен бағыттар композиторларының шығармаларынан тұратын репертуарды;

- орындаудың көркемдiк элементтерiн (темпо-метро-ритм, динамика, артикуляция, фразировкасын);

Истей алады:

- музыкалық шығарманы кәсiби деңгейде орындау;
- музыкалық шығарманың көркемдiк

- мазмұнын және оның мәтінін
интерпретациялау;
- парактан оқып ойнау;
 - орындаушылық іс-жүзі барысында теориялық кәсіби білімін қолдану;
 - музыкалық шығармаға толық шолу барысында, сондай-ақ музыка құрылымының кейбір элементтерін жеке ала отырып, өздігінен талдау жасау;
 - орындайтын шығарманың көркемдік ойын жеткізу мақсатында ең тиімді техникалық әдістерді таңдау;
 - сахнада өзін дұрыс ұстауын қадағалау;
 - аспапта ойнаушының қолын дұрыс ұстауы;
 - аспапта ойнаудың алғашқы тәсілдерін білу;
 - өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту;
- Дағдыларын қалыптастырды:**
- халық аспаптарында ойнап үйренудің технологиялық әдістерін;
 - шығармашылық бастамшылдығын дамыту;
 - концертте шығарманы стилі мен құрылымына сәйкес орындау.
- Сұрақтарында құзыретті:**
- репертуарды шығармашылық қабілетіне сәйкес таңдау;
 - өздігінен дайындала алу әдістерін таңдау;
 - нақты шығарманы орындау барысында техникалық және көркемдік құралдарды таңдау.

Арнайы:

АҚ 1. Музыканттар орындаған шығармалардың жазбасына салыстырмалы талдау жасау.

АҚ 2. Аспаптарда ойнау дағдыларын игеру.

АҚ 3. Шығармалармен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын игеру.

АҚ 4. Музыкалық шығармалардың көркемдік ойын жеткізу мақсатында үйлесімді техникалық тәсілдерін таңдау.

Біледі:

- музыкалық мәдениеттің дамуының негізгі тарихи-музыкалық кезеңдерін;
- әр кезеңнің стилі мен жанрының сипатын;
- орындаушылық мектептер мен бағыттардың ерекшеліктерін;

Істей алады:

- орындаудың музыкалық және техникалық құралдарының барлық компоненттерін іс-жүзінде пайдалану;
- концертте орындалатын шығарманы өздігінен жақсы кәсіби деңгейде дайындау.

Дағдыларын қалыптастырды:

- әртүрлі мектептер, стильдер мен бағыттар шығармаларына орындаушылық және салыстырмалы талдау жасау;

Сұрақтарында құзыретті:

- алған білімдерін кәсіби түрде қолдана алу;

**«Арнайы аспап» пәні бойынша
оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары**

| № | Тақырып пен бөлімдердің атаулары | Оқу уақытының саны | Шығарманың саны |
|------------------|---|--------------------|--|
| 5 - сынып | | | |
| 1. | Оң және сол қолдың қойылымы | 7 | |
| | Гаммалар | 10 | 1 мажорлық 1 – минорлық 1 октавада |
| | Күйлер | 10 | 1-2 1-2 |
| 2. | Шағын шығармаларды күйсандықпен орындау | 7 | 3-4 3-4 |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| 6 - сынып | | | |
| 1. | Техниканың өсуіне байланысты жаттығулар | 5 | |
| | Гаммалар | 10 | 1 мажор, 1 минор 1 мажор, 1 минор |
| | Этюдтер | 10 | 1 1 |
| 2. | Шағын шығармалар және күйлерден үзінділер | 9 | 1 күй, 1 шығарма 1 күй, 1 шығарма |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| 7 - сынып | | | |
| 1. | Дыбыс шығару үндестігі, ырғақ үйлесімін сақтау | | |
| | Гаммалар | 7 | 1 мажор, 1 минор 1 мажор, 1 минор штрихтарымен |
| | Этюдтер | 7 | 1 1 |
| 2. | Контилена шығармаларын орындау тәсілі | 10 | |
| 3. | Шығармалар Күйлер | 10 | 2-3 |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| 8 - сынып | | | |
| 1. | Дыбыстың динамикалық өзгеріс кезіндегі әдісі. I, II, III позицияларды менгеру | 10 | |
| 2 | Гаммалар | 10 | 1 мажор, 1 минор 1 мажор, 1 минор штрихтарымен |
| 3 | Этюд және күй | 14 | 1+2 1+2 |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| 9 - сынып | | | |
| 1. | Штрих: деташе, легато, стаккато, маркато, тремоло әдістері | 15 | 4 |

| | | | |
|----|-------------------------------|-----------|--|
| 2. | Гаммалар 2-3 октаваны меңгеру | 7 | 1 мажор, 1 минор 1 мажор, 1 минор штрихтарымен |
| 3. | Этюдтер Күйлер | 12 | 2 этюд, 4 күй |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| | Жалпы саны | 170 сағат | |

«Арнайы аспап» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны.

5 - сынып

Музыка аспабымен танысу (қобыз бен қияқтың құрылысы). Музыкалық сауат жайында мағлұмат. Ноталық текстер: натаның динамикалық, штрихтың және аппликатуралық қарапайым белгілері. Халық музыка аспаптары жайлы айтып, қылқобызда дыбыс ерекшеліктері мен ойнау тәсілдерін де көрсету--- үлкен процесс. Қылқобызды меңгерудегі алғашқы сатысы аспапты дұрыс ұстау және оң қол мен сол қолдың дұрыс қойылуы, ысқышты ашық ішектерде жүргізу (тұтас және белгілі бөліктерімен), саусақтың тырнақ көбесімен ішекке тигізіп ойнау тәсілі, 1,2 позицияларды үйрету. Дыбыс шығару тәсілі, штрихтардың қарапайым түрлері: деташе, легато (ысқышпен 2 немесе 4 нотаға дейін) және олардың қосылуы, ішектен ішекке көшу, ысқышты әр бөлігімен біркелкі түзу жүргізу. Жеңіл әуендерді аспапта ойнап үйрену: (неғұрлым жеңіл үндесіп ойналатын гаммалар мен күйлерден үзінді, халық әндері мен жеңіл орындалатын пьесалар). Жыл бойы мыналар өтуге тиісті: 1-2 мажорлы гамма мен арпеджио бір октава мөлшерінде ойналатын 1-2 этюд, 1-2 пьеса, 2-3 күй. Екінші класқа өтерде мыналар орындалады: гамма мен арпеджио, бір этюд, бір күй, бір пьеса.

6 - сынып

Қойылыммен, бастапқы музыкалық орындаушылық дағдыларды игерумен одан әрі жұмыс істеу.

Қарапайым динамикалық реттер. Штрихтармен жұмыс: деташе, легато және олардың қосылысы. Гаммалармен арпеджионы оқу. Оқу жылы ішінде оқушылар 1-2 гамманы, 1-2 этюдтерді, 1-2 пьесаны, 2-3 күй игеру керек.

7 - сынып

Бастапқы музыкалық – орындаушылық дағдыларын жетілдіру. Ұнтаспамен жұмыс істеуді үйрету.

Дыбыс шығарудың сапасымен жұмыс: интонациямен, ритммен, II-III позицияны оқу. Штрихтар: деташе, легато, мартле және олардың үйлесуі. Ішектердің қосылуы. Гаммалар және арпеджио.

Оқу жылы ішінде 1-2 гамманы (мажорлы және минорлар), 2 этюдті, 2-3 пьеса, дәстүрлі түрде күйлер 2-4

8 - сынып

Дыбыспен, динамикамен, интонациямен ритммен одан әрі жұмыс істеу. Позицияларды үйрену (II-III) және олардың ауысуы, вибрато дағдыларын меңгеру бойынша дайындық жұмыстары. Шапшаңдықты дамыту, 2-3 октавалы жеңіл гаммалар және арпеджионың әр алуан түрлері. Трельмен, штрихтармен жұмыс: деташе, легато, мартле, беттен тікелей оқу. Фложелеттоны, мелизмдерді меңгеру. Ұнтаспаны игерту жұмысы.

9 - сынып

Оқушының музыкалық-орындаушылық дағдыларын одан әрі дамыту. Дыбыс шығару сапасымен, интонациямен, ритммен жұмыс істеу. Позициялар (III-IV) және олардың ауысуы, гаммамен және арпеджио, хроматикалық гаммалар. Этюд түріндегі жеңіл формалары жеке қазақ күйлерін орындау. Өздігімен ұнтаспамен дайындық.

Оқушылардың білімін бақылау және есепке алу.

- Аспапта ойнап көрсету және құлақ күйін білу;
- Жатқа білетін пьеса немесе күйді орындау;
- Аспаптың құрылымы, диапазоны, орындаушылық мүмкіншіліктері туралы, сонымен қатар негізгі ойнау әдістері, штрих және аппликатура жөнінде сұрақтарға ауызша жауап беру

Үлгі ретінде берілген репертуарлық тізім

5 - сынып

Жаттығулар мен этюдтар

Н.Бакланова №1-30 жаттығулар

М.Гарлицкий № 44-57 жаттығулар

Е.Гнесина-Витачек Этюд

А.Комаровский Этюд

А.Яньшиков «Этюд»

Қазақтың халық әндері мен Қазақстан композиторларының шығармалары

Халық әндері «Ақ қайың»

«Ләтипа»

(өндеген Л.Хамиди)

«Сәулем-ай»

«Ал қоныр»

Ақан сері «Балқадияш»

«Елім-ай»

«Еркем-ай»

Орыс және шетел композиторларының шығармалары

Орыстың халық әні «Как под горкой»

«На зеленом лугу»

М.Магиденко «Песенка»

«Петушок»

Л.Бекман «Елочка»

В.Калинников «Тень-тень»

Б.Барток «Детская пьеса»

Орыстың халық әні «Ходит зайка по саду»

Д.Кабалевский «Маленькая полька»

В.Моцарт «Алегретто»

Күйлер

Қорқыт: «Сарын» , «Желмая» , «Тарғыл тана» , «Башпай» , «Елім- ай

6 - сынып

*Қазақтың халық әндері мен Қазақстан
композиторларының шығармалары*

| | | |
|-----------------------------|-------------|---------------------------|
| Халық әндері: | «Ақ қайын» | Е.Хасанғалиев «Әдем-ау» |
| | «Ақ сиса» | «Арман тауға барасың ба» |
| | «Ақ дариға» | Ахан Сері «Қара торғай» |
| | «Харарау» | Жаяу Мұса «Шолпан» |
| Ыбырай «Гэкку» | | Абай «Көзімнің қарасы» |
| Е.Брусиловский «Қыз арманы» | | С.Лұқпанов «Лирикалық ән» |
| Ш.Қалдаяқов «Қаракөз» | | Жұбанов «Москва» |
| Қозыратбаев «Әже тілегі» | | |

Орыс және шетел композиторларының шығармалары

| | | |
|-------------|-----------------|------------------------------|
| Н.Бакланова | «Марш октябрыт» | И.Бах «Гавот» |
| | «Романс» | Л.Бетховен «Сурок» |
| | «Колыбельная» | А.Варланов «Красный сарафан» |
| | «Хоровод» | К.Глюк «Веселый танец» |
| | «Сонатина» | » |

Жаттығулар мен этюдтар

| | |
|-------------------------------|--------------------------------|
| Н.Бакланова №32-36 жаттығулар | М.Гарлицкий № 44-57 жаттығулар |
| №43-5 жаттығулар | |

Күйлер

Қорқыт: «Сарын» , «Желмая» , «Тарғыл тана» , «Башпай» , «Елім- ай , халқым -ай» .Ықылас: «Толғау» , «Ерден» ,Е. Андосов «Назерке» , Баубек «Сарын» , Көзбен « Сарын» , Абыз « Толғау»

7 - сынып

*Қазақтың халық әндері мен
Қазақстан композиторларының шығармалары*

| | |
|-----------------------------|-------------------------|
| Жаяу Мұса «Шолпан» | Тәттімбет «Быркылдақ» |
| Халық әні «Қара торғай» | М.Қойшыбаев «Өмір гүлі» |
| Мұхит «Айналкөз» | Жаяу Мұса «Жез киік» |
| Халық әні «Дайдидау» | Тәттімбет «Сылкылдақ» |
| Л.Хамиди «Романс» | Ықылас «Ерден күй» |
| С.Мұхамеджанов «Көңілді би» | Халық әні «Ғайни» |

Орыс және шетел композиторларының шығармалары

Д.Кобалевский «Клоун»
Р.Ильина «На качелях»
Н.Ниязи «Колыбельная»
О.Гордели «Грузинский танец»
В.Моцарт «Полонез»
Ф.Шуберт «Серенада»
Словацкая народная песня «Спи, моя милая»

М.Глинка «Полька»
С.Рахманинов «Полька»
В.А.Моцарт «Рондо»
В.Косенко «Пастораль»
Э.Григ «Андантино»

Жаттығулар мен этюдтар

| | |
|--------------------|---------------|
| Н.Бакланова Этюд | Г.Дулов Этюд |
| А.Яньшинов Этюд | О.Шевчик Этюд |
| А.Коморовский Этюд | Ш.Данкля Этюд |
| Г.Гаммель Этюд | Г.Кайзер Этюд |
| К.Родионов Этюд | Ш.Берио Этюд |

Күйлер: Ықылас «Айрауықтың ащы күйі», «Шыңырау», Қорқыт: «Ұшардың ұлуы», «Қорқыт» (2 түрі), «Байлаулы киіктің зары», «Әупбай», Сағынтай «Сағынтайдың күйі», Баубек «Қоңыржай», Қазбек Әбенов «Қоштасу», Қазбек Әбенов «Торғай толғауы»

8 - сынып

Қазақтың халық әндері мен

Қазақстан композиторларының шығармалары

| | |
|----------------------------|---------------------------|
| М.Әубәкіров «Бала - гүлім» | С.Луқпанов «Лирикалық ән» |
| «Қарақат» | А.Жұбанов «Жез киік» |
| А.Жұбанов «Көктем» | Жаяу Мұса «Ақ сиса» |
| Ә.Толғанбаев «Арынғазы» | Есір «Күнтай» |
| А.Жұбанов «Вальс» | |

Орыс және шетел композиторларының шығармалары

| | |
|--|---------------------------------|
| П.Чайковский «Старинная французская песенка» | Л.Боккерини «Менуэт» |
| А.Комаровский «Тропинка в лесу» | Н.Клерамбо «Прелюдия и Аллегро» |
| М.Глинка «Руслан и Людмила» | Б.Маргелло «Скерцандо» |
| П.Чайковский «Неаполитанская песенка» | Н.Порпора «Хоровод» |
| | Э.Далль Абако «Жига» |

Жаттығулар мен этюдтар

| | |
|------------------------|---------------|
| Н.Бакланова Этюд | А.Яньшинов |
| И.Коган Этюд | А.Коморовский |
| Г.Штрадин Жаттығулар | Ш.Данкля |
| М.Горлицкий Жаттығулар | Г.Кайзер |
| Г.Дулов | Ш.Берио |
| О.Шевчик | |

Күйлер:

Қорқыт «Қорқыт», «Қорқыт сарыны», Ықылас «Қамбар батыр», «Ерден», «Шаркен», «Кертолғау», «Жалғыз аяқ»

9 - сынып

Қазақ халық әндері мен қазақстан композиторларының шығармалары

| | |
|------------------------|-----------------------|
| А.Затаевич «Екі жирен» | С.Әбдінұров «Ән» |
| «Желтый поток» | Е.Үсенов «Романс» |
| «Қазақ маршы» | Ықылас «Қамбар батыр» |
| «Тұрымтай» | «Қазан күйі» |
| «Бұраң бел» | «Айрауықтың ащы күйі» |
| Дәулеткерей «Кероғлы» | «Кертолғау» |
| Есір «Күнтай» | А.Нұрбаев «Мәди» |
| Құрманғазы «Адай» | «Әсет» |
| Н. Тілендиев «Сарын» | Е.Үсенов «Романс» |

Орыс және шетел композиторларының шығармалары

| | |
|----------------------------|------------------------------|
| Н.Раков «Прогулка» | Ж.Обер «Престо» |
| «Вокализ» | Е.Ахинян «Марш» |
| Н.Рубинштейн «Мелодия» | А.Корелли «Сарабанда и жига» |
| И.Брамс «Венгерский танец» | Рубинштейн «Прялка» |
| Ф.Шуберт «Серенада» | |
| П.Чайковский «Мазурка» | |

Жаттығулар мен этюдтар

| | |
|---------------------------------|--------------------------------|
| К. Мострас– этюд | Ш. Данкля– этюд |
| Г. Кайзер– этюд | М. Гарлицкий - Жаттығулар |
| А. Комаровский– этюд | Шрадик - Жаттығулар |
| Ц. Кюи «Непрерывное движение» | В. Ф. Бах «Весной» |
| Ж.Леклер «Сарабанда и тамбурин» | Крейслер «Муки любви» |
| М. Поплавский «Полонез» | П. Чайковский «Песня без слов» |

Жаттығулар мен этюдтар

| | |
|-------------------------|-------------------|
| Н. Бакланова жаттығулар | Г. Гаммель «Этюд» |
| И. Коган жаттығулар | Г. Дулов «Этюд» |
| Г. Штрадик жаттығулар | О. Шевчик «Этюд» |
| Мазас этюд | Ш. Данкля «Этюд» |
| Ф. Вольфарт «Этюд» | Ш. Берио «Этюд» |
| К. Радионов «Этюд» | Г. Кайзер «Этюд» |

Күйлер:

Сүгір«Қаратау шертпесі» ,

*Тәттімбет «Саржайлау» ,
«Бозинген» , «Бес төре», «Қосбасар»
«Сылқылдақ» ,Халық күйі «Арқа
сарыны » , «Арғын арна»*

Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер

1. А.Алексеев – Гаммалар мен арпеджио, 1951 ж.
2. Н.Бакланова – Этюды и упражнения, 1959 ж.
3. А.Янышинов – Гаммалар мен арпеджио, 1973 ж.
4. А.Григорян – Гаммалар мен арпеджио, 1973 ж.
5. А.Комаровский – Этюдтер, 1958 ж.
6. Г.Шрадик – Упражнения, 1969 ж.
7. А.Григорян – Алғашқы скрипкаға үйрету мектебі, 1961 ж.
8. М.Гарлицкий – Избранные этюды
9. К.Радионон, М.Гарлицкий, К.Фортунамов – Избранные этюды, 1974 ж.
10. Ж.Мазас – Этюды, 1971 ж.
11. О.Балғаева – Қобызға арналған пьесалар, 1978 ж.
12. Д.Тезекбаев – Қобызға арналған пьесалар
13. Б.Қожамқұлова – Скрипка мен қобызға арналған пьесалар
14. А.Жұбанов – Қобызға арналған 5 пьеса
15. Қазақстан композиторларының шығармалары Қобыз бен фортепианоға арналған, 1980 ж.
16. Қазақтың халық әндері. Қобызға арналған жинақ. Өндеген А.Нурбаев
17. Хрестоматия для скрипки 1-3 классы
18. Хрестоматия для скрипки 4-5 классы
19. Юный скрипач, Москва 1985 ж.
20. Ж.Бабаев – Произведения казахской музыки для скрипки и ф-но, 1952
21. Ж.Бабаев – Бас қобызға арналған пьесалар, 1968
22. Ж.Еркімбаев – Қобыз бен домбыраға арналған пьесалар, 1962
23. А.Затаевич – 1000 песен и кюев казахского народа, 1925
24. Камерные произведения композиторов Казахстана, 1956
25. З.Бейсембаева – Қобызға арналған пьесалар, 1985
26. Ф.Балғабаева – Қобыз үйрену мектебі
27. Ф.Балғабаева – Қобызға арналған шығармалар
28. Д.Тезекбаев – Қобызға арналған пьесалар
29. Қазақстан композиторларының шығармалары. Қобыз бен фортепианоға арналған
30. Ж.Баспаев – Бас қобызға арналған пьесалар
31. Ж.Еркімбаев – Қобызбен домбыраға арналған пьесалар
32. Юный скрипач Хрестоматия
33. А.Бруни – Школа альты
34. Р.Сапожников – Школа игры на виолончели
35. Б.Қасбасаров – Қыл қобызға арналған этюдтер
36. И.Рык 24 этюда для кобыза
37. Б.Қосбасаров – Қобыз сазы
38. Б.Қосбасаров – Қоңыр жай

Оқыту құралдары:

1. Музыкалық аспап
2. Оқу – әдістемелік әдебиеттер
3. Ноталар кітапханасы
4. Интернет – технологиялар